

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойғал

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Абай ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 23 маусымдағы № 1 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 маусымда № 23223 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Абай ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 18 қазандағы № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Абай ауылдық округі әкімінің 18.10.2021 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі). З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 37-бабының 3-тармағына , "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына, Күршім ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 28 мамырдағы № 739 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Абай ауылдық округінің "Нұрбол" шаруа қожалығына мүйізді ірі-қара малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Абай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Күршім ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Күршім ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК